20341284633

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

21 қыркүйек 2023 жылғы №6309-23-00-2/2070 іс Өскемен қаласы

Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ибраева Н.Е. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Танатар-Ш» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер «Танатар-Ш» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Танатар-Ш» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Танатар-Ш» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінен талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына тұрақсыздық айыбы 307 070 (үш жүз жеті мың жетпіс) тенге, мемлекеттік баж салығы 9 212 (тоғыз мың екі жүз он екі) теңге өндірілсін.

«Танатар-Ш» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінен мемлекеттің пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 21.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.10.2023, судья Ибраева Н. Е., 31.10.2023

6309-23-3-1/2280